

**«Болашақ» университеті мемлекеттік емес білім беру мекемесі мен  
Шыңжаң педагогикалық университеті арасындағы әріптестік жөніндегі  
КЕЛІСІМ ШАРТ**

**Қызылорда қаласы (Қазақстан)**

**4 маусым 2015 жыл**

**Үрімші қаласы (Қытай)**

**4 маусым 2015 жыл**

Университеттің Жарғысы негізінде әрекет ететін «Болашақ» университеті мемлекеттік емес білім беру мекемесі атынан оның ғылыми жетекшісі, э.ғ.д., ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі, профессор Досманбетов Бақберген Сәрсенұлы, бір жағынан, бұдан әрі «Болашақ» университеті деп аталады және Шыңжаң педагогикалық университеті атынан оның ректоры Вэйли Барат, бұдан әрі Шыңжаң университеті деп аталады, әріптестік байланыстың келесі қағидалары бойынша өзара келісім жасады:

**1. КЕЛІСІМ ШАРТТЫҢ МАҚСАТЫ**

Тараптар өз Жарғыларына сәйкес, мүмкіндіктері шеңберінде және екі жақты тиімділік негізінде білім алушылар мен профессор-оқытушылар арасындағы академиялық мобильділік, білім алушылардың іс-тәжірибеден өтуі, өтініш бойынша ерікті тіл мамандарын жіберу, жаздық тілдік курстар ұйымдастыру туралы ынтымақтастықты дамытады.

**2. ТАРАПТАРДЫҢ МІНДЕТТЕРІ**

1. Білім алушылар арасындағы академиялық мобильділікті іске асыру мақсатында қабылдаушы жақ төмендегі міндеттерді орындайды:

- 1.1. студенттерді өз жауапкершілігіне алады;
  - 1.2. оқу жоспары бойынша білім алушының таңдаған траекториясына сәйкес білім беру процесін ұйымдастырады;
  - 1.3. студенттерді ең төменгі стандарт бойынша жақсы жатын орынмен қамтамасыз етеді;
  - 1.4. білім алушылардың қауіпсіздігіне жауап береді.
2. «Болашақ» университеті 2015-2016 оқу жылында университетке қытай тілінен сабақ беруге келетін ерікті оқытушыға байланысты келесі міндеттерді іске асырады:
- 2.1. оқытушыны шақырту қағазын рәсімдейді (қол қояды);
  - 2.2. келген оқытушыға 900 АҚШ доллары көлемінде айлық жалақы төлейді;
  - 2.3. оқытушыны қауіпсіз жатын орынмен қамтамасыз етеді;
  - 2.4. өте жайлы және тегін жатын орынмен қамтамасыз етеді;
  - 2.5. оқытушының сұранысы бойынша бір оқу жылында еліне барып-келу жол ақысы (ұшақпен) шығындарын көтеру туралы келесі уағдаластықтар орындалады:
    - қызмет уақытында оқытушы еліне қайту керек болған жағдайда жол ақысын өз жауапкершілігіне алады;
    - қызмет уақытында оқытушы белгілі себептермен еліне шақыртылған жағдайда жол ақысын өз жауапкершілігіне алады;
    - қызмет уақытында оқытушының ерекше жағдаймен еліне қайтуына тура келіп жатса жол ақысын екі жақ бөліп төлейді.

3. Жазғы тілдік курсын ұйымдастыру барысында қабылдаушы жақ төмендегі міндеттерді орындайды:

- 3.1. тіл үйрету курстарын сапалы өткізеді;
  - 3.2. тіл үйренушілерді ең төменгі стандарт бойынша жақсы жатақпен қамтамасыз етеді;
  - 3.3. тіл үйренушілердің жеке бас қауіпсіздігін сақтауға міндеттенеді.
4. Іс-тәжірибеден өту процесін ұйымдастыру кезінде қабылдаушы жақ келесі міндеттерді өз жауапкершілігіне алады:



4.1. білім алушыларды сапалы тәжірибе базасымен қамтамасыз етеді (Шыңжаң педагогикалық университетіне келген білім алушыларды университет көлемінде, «Болашақ» университетіне келгендерді университет шеңберінде практикадан өткізуге мүмкіндік жасалады);

4.2. білім алушыларды оқу орнындағы ішкі тәртіппен, іс-тәжірибеден өту жүйесімен таныстырады;

4.3. практиканттарға қауіпсіз, жатын орын бөледі және жеке бас қауіпсіздігіне жауапты болады.

### 3. ТУЫНДАҒАН ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

1. Осы Келісім шарт бойынша немесе осыған байланысты Тараптар арасында туындаған барлық даулар мен келіспеушіліктер өзара келіссөздер жүргізу жолымен шешіледі.

2. Даулар мен келіспеушіліктерді өзара келіссөздер жүргізу жолымен реттеу мүмкін болмаған жағдайда, олар заңнама шеңберінде шешіледі.

### 4. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Тараптар осы Келісім шартты іске асыру барысында теңқұқылық, ашықтық қағидаларын басшылыққа алады.

2. Осы Келісім шартқа енгізілетін толықтырулар мен өзгерістер тек жазбаша түрде рәсімделеді және келісім шарттың ажырамас бөлігі болып табылады.

3. Осы Келісім шарт қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және 5 (бес) жылға дейін жарамды болып саналады.

### 5. ТАРАПТАРДЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ МЕН ЕСЕП-ШОТ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

«Болашақ» университетінің  
банктік деректемелері:  
Мемлекеттік емес білім беру мекемесі  
«Болашақ» университеті

Индекс 120000  
КФ АҚ «АТФБанк»  
БИК ALMKNKZKA

ИИК KZ47826N0KZTD2000504  
СТН 331 000 047 130

БИН 991 040 001 575

КБЕ 17  
Тел. факс: 8 (7242) 23-45-15  
Тел.: 8(7242) 23-43-88  
e-mail: [bolashak\\_5@mail.ru](mailto:bolashak_5@mail.ru)



Б.С. Досманбетов

Шыңжаң педагогикалық университетінің  
банктік деректемелері:  
Шыңжаң педагогикалық университеті  
ҚХР Үрімші қ., Синь и лу 102.

Индекс 830054  
АҚ «ҚХР Коммуникация Банкі ЮХао жолы бөлімшесі»  
БИК COMMCNSHWLM

ИИК: 651100855012015052619

БИН: 313881000075

Тел. факс: 0991-4312920  
Тел.: 0991-4333951  
e-mail: [XJwx@hotmail.com](mailto:XJwx@hotmail.com)



Вэйли Барат